

**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастығы жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 145-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 18 маусымдағы № 82-ө өкімі.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастығы жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 145-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкімге қосымшада:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастығы жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамында:

"Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі, төраға";

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрі, төрағаның орынбасары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, төрағаның орынбасары";

"Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, хатшы" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Халықаралық экономикалық ынтымақтастық департаментінің директоры, хатшы".

*Премьер-Министр*

*О. Бектенов*